

Р.Ж. Есбалаева

филология магистрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (roza.yesbalayeva@ayu.edu.kz)

Абай поэзиясы: тарихи шындық пен көркемдік таным

Андатпа

Абай поэзиясының тілдік, тарихи, көркемдік, стильдік, әдеби-танымдық, философиялық маңызы ұлттық әдебиетіміз үшін ғана емес, түркі жұртына ортақ мәселе саналады. Абай өлеңдерінің көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ, идеясы өзекті. Абай туралы әдебиеттер мен зерттеу еңбектерде Абай шығармашылығының маңызы, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, композициясы туралы көптеп айтылып, жазылып жүргенімен арнайы өлеңдерінің тарихына үңіліп, салыстырулар аз жасалды. М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы оқиғаларға сүйеніп, Абай өлеңдерінің туу тарихын білгендей боламыз. Алайда көркем шығарма оқиғасына романтизмнің элементтері араласатындықтан шығарманы тұтас тарихи шындық дей алмаймыз. Автор шығарма оқиғасына орайластырып, көркемдік шешім жасауда түрлі өзгерістерге барары анық. Мақала авторы осыны ескере отырып, Абайдың бірнеше өлеңінің туу тарихы туралы зерттеулер мен салыстыру жұмыстарын жасап ұсынады.

Кілт сөздер: Абай поэзиясы, таным мен толғам, салыстыра зерттеу, тарихи шындық, көркемдік шешім.

R.Zh. Yesbalayeva

Master, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (roza.yesbalayeva@ayu.edu.kz)

Poetry of Abai: Historical Truth and Artistic Cognition

Abstract

The linguistic, historical and artistic style of Abai's poetry and its philosophical significance is an issue not only for our national literature but also for Turkish people. The theme of Abai's poems has not yet lost its significance; the idea is relevant to this day. Although Abai's literature has been studied in detail and importance of his works, his ideological specifications and its composition written, but there is no critics on the deep meaning of his poetry. Based on the events in the novel by M. Auezov "The Way of Abai", we can assume the story of the birth of his poems. However, since the elements of romanticism are intertwined in a work of art, the work is not completely historical. The author has freedom in order to make various changes in the novel, since the work is literary, not historical. With this in mind, a study was proposed and presented of the history of the birth of several Abai poems.

Keywords: Abai's poetry, cognition and completeness, comparative study, historical truth, artistic decision

Ғылым мен әдебиетте ортақ нәрселердің көп кездесетіні сияқты, Абай жайлы сөз еткенде ақынның шығармашылық келбеті мен көркем әдебиеттегі бейнесі астасып, Абайды танытуға жетелейді. Ақынның шығармашылық мұрасына қатысты мақалалар, көлемді зерттеулер мен ғылыми еңбектердің саны күн артқан сайын көбеюде. Олардың әрқайсысы ақын мұрасының танымдық тереңдігі мен философиялық мәніне үніліп, түрлі талдаулар жасап, Абайдың ұлылығын түрлі қырынан танытуға тырысқан.

Абай өлеңдері жинағының алғаш кітап болып шығуы тарихи іс болды. Бұған күш салып, көп еңбек еткен Кәкітай Ысқақұлы. Петербургтегі Бороганский баспаханасынан 1909 жылы шыққан жинақта Кәкітай Абайдың өмірбаяны мен кітаптың тақырыптарға жіктелген мазмұнын береді. «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел туралы», «Ғашықтық туралы» деп өлеңдерін тақырыптарға бөледі. М. Әуезов Кәкітайдың ақын өлеңдерін тақырыпқа бөлуде елеулі кемшіліктер жібергенін, Абайтану ғылымында зерттеушілердің Кәкітай берген бөлік-жіктеулерді сынамай, қаз-қалпында бергенін, Кәкітайдан асып тың жаңалық қоспағанын айтады. Сондықтан Абайтану тарихындағы Кәкітайдың еңбегін тұңғыш зор еңбек деп баға берген.

Абайдың алғашқы жинағына шығармалары тұтас енген. Кәкітай Абайдың қара сөздерін, үйшілік сыры деп сүйікті ұлы Әбдірахманға арналған өлеңі мен жоқтауын, ел жуандары мен атқамінерлеріне арналған «Абыралыға», «Дүтбайға», «Күлембайға», «Қыздарға», «Көкбайға» сынды тағы басқа бірнеше сатиралық өлеңдерін арада араздық тудырады деп жарияламайды. Одан кейін Абай шығармалары Ташкентте, Қазанда тағы басылып шығады. Оған дейін «Жаз» өлеңі «Дала уәлаяты» газетінде 1890 жылы жарық көрген болатын. Кейін «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі ақынның көзі тірісінде Жүсіпбек деген біреудің атынан Қазан баспасынан жарық көреді. Автор өлеңді баспахана иесіне арнап, түгел көшіріп жариялайды:

Бізләргә ойын арзан, күлкі қымбат,
Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат [1, 16-б.].

Абай өлеңдерінің халық арасына көптеп тарап, танылуында Мүрсейіт Бікейұлының еңбегі айрықша. Абайдың өз қолымен жазылған өлеңдерінің нұсқалары сақталмағандықтан, Мүрсейіттің көшірмелері жазба дерек ретінде пайдаланылып жүр. Кей деректерде Абай шығармаларын үйренемін дейтіндерге өлеңдерін, қарасөздерін өз қолымен көшіріп беріп отырған екен. Сонымен қатар ұзатылар қыздар

да өз жасауына қостырған Абай өлеңдерінің көшірмелері кейінгі Абай қолжазбаларын жинаушыларға дерек болды. Абай мұрасының зерттелуі 1920 жылдардан бастап жиілей түскенін байқаймыз. Әсіресе ақын туралы мақалалармен қатар көлемді зерттеу еңбектер тоқтаусыз жазылып, саны артқан. Абайтануға ерекше еңбек етіп, әдебиет тарихына ендірген ғалымдардың алғашқылары ретінде С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Б. Шалабаев есімдері аталады. Осыдан кейін Абай шығармаларының толық жинағы 1933 жылы М. Әуезовтің құрастыруымен, толық өмірбаянымен, өрескел топтау-жіктеусіз, өлеңдері хронологиялық тәртіппен орналастырылып, жарық көреді. Бұл аталғандардан өзге күні бүгінге дейін жазылған зерттеулер мен қорғалған диссертациялар әдеби айналымға көптеп еніп, бірнеше тілге аударылып, Абай мұрасы түрлі қырынан танылуда.

Ал Абай өлеңдерінің туу тарихы туралы кемеңгер жазушы М. Әуезов өзінің «Абай жолы» [2] романында бірнеше дерек келтіреді. Кез келген көркем әдебиетке қиял араласатындықтан тарихи романның өзінде көркем қиялдың араласатынын білеміз. Мақала барысында осы тұрғыдан салыстырулар жасауға тырыстық.

Әдебиетте көркем бейне туралы сөз еткенде, лирикалық образ - ақынның өзі [3, 127-б.] деген анықтама беріледі. Расында ақын бойындағы толғаныс, көңіл күй, айтылар ой автордың өзінің атынан баяндалады және лирикалық қаһарман да өзі екені анық. Осыған байланысты тарихи шындық пен көркемдік шешім жасауда ғұмырлық тер төккен М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қатыстыра сөз қозғағанды жөн көрдік. Жазушы романда Абайды он үш жастағы кезінен бастап суреттейді. Автор неге кейіпкер туралы оқиғаны туғаннан немесе жеті-тоғыз жастағы сәтінен бастамады? - деген сұрақ туады. Бұл туралы әртүрлі «он үште отау иесі», «бұл жаста ақыл тоқтатып, оң-солын тани бастайды», «оқу бітіріп келген сәті» деген сынды түрлі жауаптарды кездестіруге болады. «Абай жолы» романы жазылып біткеннен кейін араға 43 жыл салып Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» [4] роман-хамсасы жарыққа шықты. Бұл кітап туралы автор алғы сөзінде Әуезовтен кейін қандай шығарма жазылуы мүмкін деген сұрақтың туатыны сөзсіз екенін, сондықтан өзінің эпопеяда кездеспейтін оқиғалар мен кеңес дәуіріндегі жариялауға болмайтын жайттарды баяндағанын жеткізген. Туындының басталуы да Абайдың жарық дүние есігін ашуы туралы аңызбен басталса, «Абай жолы» романы Абайдың ақындық өмірге есік ашқан сәтімен

байланыстырылады. Абай дүниеге келерде әкесінің түсіне Әнет бабасы кіріп, «Ибраһим» деп қол жайып бата береді, Әкесі түсін аяңға балап, баласының есімін Ибраһим қояды. Бұл туралы тарихи мәліметке көз жүгіртер болсақ, Әрхам Кәкітайұлы «Құнанбай бәйбішесі Күнкеден туған ұлын Құдайберді, Ұлжаннан туған ұлының атын Тәңірберді қойған. Мынау үшінші ұлының атын Ибраһим деп арабшалап қояды. Ибраһим Мұхаммед пайғамбардың ұлы атасы, өзі де пайғамбар атағын алған адам екен. Бұл атты баласына қоюы Құнанбайдың өз ортасынан ерекше дін жолына берілгендіктің белгісі сықылды» [5, 346], – дейді. Ал Зере әжесі немересін «...әлди, әлди, Абайым, атқа тоқым жабайын, тыста жүрген анаңды, қайдан іздеп табайын...» деп әлдилеп, Абай атап кетеді. Абай жасында Ұлжан мен Айғыздың арасында тел өскен ұл болғандықтан Телқара атанып кетеді. Кейін жеңгелері де ертеде қойылған атпен «Телқара» дейді екен. Осылардың қай-қайсысы да Абай есімінің тарихын баян етеді.

Бала ақынның өлеңге бет бұрып, ақындық жолға түсуі де Зере әжесіне қатысты оқиғамен байланыстырылады. Жастайынан әжесінің ғибратқа толы әңгімелерін естіп өскен есті бала, алғашқы өлеңін Зере әжесіне тыңдатады. Құлағы ауырлап қалған Зере әжесінің «молда үшкірсе жақсы болып қалады», - дегенін естіп, Абай да үшкіріп бермек болып, құлағына «Өзі раушан, көзі гауһар, Лағылдек бет ұшы ахмар. Тамағы қардан әм биһтар, Қашың, құдрәт, қоли шиға» [6, 17-б.],– деп шұбырта жөнеледі. Көпшілік ести бермейтін дауыспен, дұғалық оқыған жандай, арасында «суф-ф-ф, суф-ф-ф» деп, елді өзіне қаратады. Жазушы шығармада Абайдың ақындық қабілетінің алғашқы сипатын осы көрініспен таныстырады. Абай туралы зерттеу еңбектерде де ақынның алғаш жазған туындылары деп, «Йузи-рәушән», «Физули, Шәмси» [6] өлеңдері аталады. Абай өлеңдерінің хронологиясы, ақынның өсу процесі, өлеңдерінің тарихынан танылады. Абайдың Семейдегі Ахмет Риза медресесінен білім алуы, шығыс тарихы мен философиясын, тілін, поэзиясын жетік меңгеріп шығуына жол ашса, елге келгеннен кейін әкесі Құнанбайдың үлкендер ісіне қатыстырып, қоғамдық мәселелерге араластыруы, түрлі әлеуметтік жағдайлармен танысуына себеп болды. Әжесі Зеренен жастайынан қазақтың ертегі-аңыздарын естіп өскен Абай – анасы Ұлжанның төркін жағынан келген Барлас, Байкөкше ақындардың әңгіме, жырларын тыңдап, Асанқайғы, Бұқар, Марабай, Жанак, Шортанбай, Шөже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақындардың жыр-термелеріне қанықты. Бұл жағдайлар ойы ұшқыр, көңілі зерек Абайдың танымын кеңейтіп, ел арасындағы түрлі

оқиғалардың әсері Абайды ерте есейтті. Өзі де ізденіп, бірнеше кітапты оқып тауысты. Әкесінің жұмсауымен түрлі шаруаларды тындырып, ел ішінің ісімен араласа бастады. Абайдың ел аралап жүріп тұңғыш рет ыстық сезімді бастан кешіп, өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ жайды бастан өткеруі – жаңа оқиғалар мен жыр жолдарының дүниеге келуіне себеп болды. Тоғжандай аруға ғашық болып «...Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!» [2, 130-б.] – деп, бұрын бастан өткермеген күйді кешіп, жүрегі тулап, өз-өзінен қысылуы, бойындағы ғашықтық сезімді бейнелер жырдың алғашқы жолы осылай дүниеге келді. Ақынның бұл өлеңі – лирикалық туындыларының басы болды. Осымен қатар «Әлиф-деп, ай йүзіңе ғибрат еттім» [6, 17-б.] атты өлеңін жазды. Бұл да бала көңіліндегі «ғашық оты, мағшуқа» [2, 180-б.] сарынындағы жырлардың жазылып, бозбала шаққа ауысқан сәтін бейнелейді.

Абай өлеңінің тағы бір тарихы Жәнібек жайлауында Сүйіндік ауылындағы алтыбақанда Тоғжанмен «Топайкөкті» айтып, ақсүйек іздеп шығып, екі ынтық жүректің қимас кездесуі тәтті естеліктей ақын жүрегінде сақталып, көп жылдан соң жыр боп жазылды. Бұл өлеңде ақын сыры мен риясыз сүйіспеншілігі айтылады.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да» [7, 21-б.].

Бұл өлең ақынның өзін де ақындыққа мойындата түседі. Абайдың бар толғанысы осы өлеңмен жалғасып, «Абай жолы» романында бірнеше жерде қайталанып, өткен күндерін еске түсіріп отырады. Абайдың ең мағыналы, ой тоқтатқан өлеңдері осыдан кейін тоқтаусыз жазылып, мағынасы тереңдей түседі.

...Қуаныш, бақыт сездік тұрған ымдап...
Сырымды сөйлеп келем сөзбен сындап,
Ессе бір суыл қағып, жел сырласып,
Изейді шилер басын шын-шындап...» [7, 38-б.], –

деп құлақ күй іздегендей түрлі мақамда қиял мен шабытқа жол береді. Кейде қызу жастық, тентек мінез танытқан мінезбен:

«Сенсің жан ләззәті,

Сенсің тән шәрбәті...» [7, 38-б.], –

деп жүрек күйіне салады. Ақынның қолжетпес арманы болған Тоғжанын сағына жүріп, өзінің сүйген жары Шүкіман - Әйгерімін көрген сәттегі жүрек толқынысы, терең толғанысқа айналып, оған өзінше ән-әуен ілестірмек болады.

... Жіңішке қара қасы сызып қойған

Бір жаңа ұқсатамын туған айды... [7, 38-б.] –

деп көз алдына елестеген Тоғжан мен Әйгерімнің мінсіз ыстық, сұлу көркін сипаттайды. Осылай жүректі баураған сезім мен ғашықтық күдіреті Абайды тыншытпай, ақырында анасының қарсылығы мен Ділденің ренішіне де қаратпай, Әйгерімді жар етеді.

Жазушы М. Әуезов әнді тыңдағанды да, тыңдаушысы келіссе айтқанды да қалайтын Әйгеріммен отасқалы Абай айналасына өнер сүйер жастарды жиі жинап алатын, - дейді. Солардың қатарында Арқаға аты шыққан Көкшетаудан келген ең сыйлы қонақ Қожағұлдың Біржаны келгенде Тобықты елі ән-жырға қарық болды. Ала жаздай Біржанды тыңдап, ән қасиетін бағалаған ақын өзі де толғаныспен «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй...» [7, 72-б.], – деп бірнеше жырларын дүниеге әкелді.

«Абай жолы» романында шығарманың өн бойына өзек болып, кейіпкер мен характерді айқындауда дененді шымырлатар Қодар мен Қамқа оқиғасынан кейін, қазаққа жат мінезді бейнелейтін Әмір мен Үмітей оқиғасы бар. Бұл екеуі де Құнанбайдың туған немерелері. Әмір – Құдайбердінің баласы, Үмітей – Ысқақтың қызы. Екеуінің бір атаның балалары бола тұра ұнатысуы қазақ тарихында болмаған сұмдық жағдай. Жазушы романды жазу кезінде тарихи шындықтан көркем шешім жасап, осындай өзгерістер енгізген. Бұл жағдайды Абайға қатыстырып, образын ашуға тырысқаны байқалады. Шығармада Үмітейді атастырған жағы келіп, әкелер кездегі Әмірдің қызылды-жасылды киініп, айналасына сал-серілер кейпіндегі бір топ жастарды жанына ертіп алып, қалыңдық үйінен шықпай қоюы, екеуінің бір-біріне үзіле қарап, қимас күйдегі сәттері жұрттың назарын аударып, «мыналар қайтеді-ей» – дейтін халге жетеді. Сырт көзге бұл той Дүтбай мен Үмітейдікі емес, Әмір мен Үмітейдікі сияқты көрінеді. Бұл көрініс Абайға да байқалмай қалмады. Ақынның:

...Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар, қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл... [7, 174–175-б.], –

дейтін, шын ғашықтың тағдырын бейнелейтін өлеңінің тарихы осы оқиғамен үйлес келеді.

Абай өлеңдерінің жанрлық жағынан оқшау тұратын өлеңдерінің қатарында жоқтау өлеңдері тұрады. Мұны М. Әуезов «Бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» [8, 221-б.] деп атайды. Абай жоқтауларының тууы мен көркем шығармада сипатталуында біршама өзгешеліктерді аңғаруға болады. Ол үшін төмендегі салыстыруларды жасап, өлеңнің тарихынан мағлұт беруге тырыстық.

Абай шығармашылығының кең қанат жаюына, жан-жақты білім алып, ғылымды игеруіне әкесі Құнанбайдың ықпалы болғанын тарих беттері растайды. Ал Абайдың әкесіне деген құрметі мен бағасы қалай болды дейтін болсақ, «Арғы атасы қажы еді» дейтін өлеңінде Құнанбайдың болмысы мен қайраткерлігі танылады:

Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр қиынға сермепті.
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алды кернепті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.
Әділ, мырза ер болып,
Әлемге жайған өрнекті... [6,187-б.].

Жазушы бұл өлеңді шығармада Құнанбай образын бейнелеуде сәтті қолданған. Құнанбайдың Меккеге қажылық сапарға бір жыл бұрын дайындалуы қаржылық жағдайға қатысты емес. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде айтылатын «Кім өзіңе махабат қылса, сен де оған махабат қылмағың қарыз емес пе?», «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?» – дейтін жолдар жүректің ынтасы мен Алланы тану сипатын береді. Осы сапарына шамамен қанша пұл кетерін білсе де ата мүлкінен таңдап талай малды сатқызып, жол шығынынан 4–5 есе артық ақша жинаған Құнанбай, сараң болмағанмен, ашылып-шашылар да жан емес. Құнанбай қажылық сапарға бара жатып, ішкі құпиясын ешкімге ашпайды. Қажылық парызбен бірге сол жақтан қазақ салмаған мешіт салуға бекінеді.

Меккеден мешіт салмақ былай тұрсын, о заманда қажылыққа барғандардың өзі некен-саяқ. Ізгілік пен игілік жолына ниет еткен Құнанбайды шығарып салуға балаларымен бірге бірталай туған-туысы ере шығады. Іштей әкелерін уайымдап отырған балаларына қарап Құнанбайдың айтатын сөзі бар: «Сендер мені осы сапарға қимайтын сияқтанасыңдар. «Қартайған шағында қайда шырқап барады, қайта оралып көрмейміз-ау, кеткені-ау» деп есіркеп қарайсыңдар! – Осыларың мынау жолға мені қимау емес, маған осы жолды қимау болады. Бір шақтар болмап па еді, мен онда да қылшылдаған жас емес ем, осы отырған бәрлерің мені тағы бір бұдан жат зорлық сапарға да ұзатарман болып еңдер. Ол қорлық, намыс болатын өктем күштің айдауы еді. Сонда мен айдалып кетсем не болар еді? Айдауда жүріп қаза тапсам қиын ба еді? Бүгін ол емес, өзім тілеген мұратқа барам... Менің ендігі қысқа жолыма сендер де кешірім етіңдер» [7, 12-б.], – деп өзіне де, өзгелерге де дем беріп, жасығанға тоқтау жасайды. Құнанбайдың бұл айтқаны Абайға әкесін ұзатып бара жатқан кісі емес, әкесінің үзілер алдындағы ақырғы сөздеріндей әсер етеді.

Шындығында бұл өлеңнің тарихы қалай болып еді?.. Бұл өлең Абай шығармаларының жинағында «Әбдірахман өлгенде» (Арғы атасы қажы еді) деген атпен енген. Құнанбай дүниеден қайтқаннан кейін 10 жылдан соң Абайдың сүйікті Әбіші – Әбдірахманы қайтыс болады. Әбдірахман қазасында жандүниесі құлазып, ауыр қайғыға батқан Абай өткенге оралып:

Жаңа жылдың басшысы ол,
Мен ескінің арты едім, –

деп тұтас дәуірді, әулет тарихын ойлап, Құнанбай рухымен тілдеседі.

Осы сыпатты қазақтан
Дүниеге ешкім келмепті
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңіл бөлмепті... [7, 20-б.], –

деп әкеге әділ баға беріп, рухын асқақтатады. Іштегі сырын ақтара отырып, өлеңнің соңғы шумағын Әбдірахманға арнап:

Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбек-ті.
Олар да тірі қалған жоқ
Тірлік алды өлмекті.

Оны да алды, бұл өлім... [6,187-б.], –

деп, өзекті жанға бір өлімнің барын еске түсіріп, өзіне де өзгеге де сабыр тілейді. Шығармада осы өлеңнің қалай аяқталатынын жазушы

шебер қиыстыра білген. Құнанбайларды шығарып салуға шыққан көп күйменің бірінде жылауын баса алмай отырған Мәкішке бұрылып, Абайдың күңіренген ән ырғағымен:

Ойласаң Мәкіш болмас па

Тірлік арты өлмекті!

Жарылқасын алдынан

Сабырлық қылсаң керекті!.. [7, 20-б.], –

деп шырқай жөнеледі. Өзіне де, бауыры Мәкішке де басу айтып, сабырға шақырған Абай – әкелерінің бұл дүниенің пайдасын ойлап емес, Алла жолына өзін арнап, тақуалық пен даналыққа бет бұрғанын таниды. Әкесінің осы жолды таңдауы – перзент алдында әке рухын биіктетіп, құрметін арттыра түскендей.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Абай өлеңдерінің біршамасы жекелеген адамдарға, үйшілік кісілерге арналған. Сондай сипатта Абай өлеңдерінің ішінде «Көз жұмғанша дүниеден...» атты өлеңі баласынан айырылған ананың жоқтау өлең ретінде айтылады. Бұл өлең алғаш 1925 жылы Семейде «Таң» журналында (№2) жарияланады. М. Әуезов бұл өлеңге тоқталып, түсінік бергенде «Бір немере інісі өлгенде айтқаны» дейді. Олай дейтініміз, Абайдың інісі Ысқақтың Мәніке дейтін әйелі бала көтермегендіктен Әкімбайды бауырына басады. Сондықтан Абай Әкімбайды балам дей алмай, өлеңнің алғашқы үш шумағы өзін-өзі жұбатуға арнайды.

Көз жұмғанша дүниеден

Иманын айтып кеткені-ай!

Қуаттанып бақсам да,

Күнәлі несіп түтпеді-ай!.. [9, 352-б.]

Бұл туралы А. Омаров «Сүйіктісі Әйгерімді жолықтырған 1874 жылы Абай алғаш рет ауыр қазаға тап болған. Бәйбішесі Ділдәдан туған екінші ұлы Әкімбай (Хакімбай) тоғыз жаста дүниеден өтеді. Оны 1875 жылы Әкімбайдың жылдық асында Ақшоқы ауылының жас келіні Әйгерімге айтқызғаны ел есінде...» [10, 198-б.], – дейді. Ал «Абай жолының» «Еңісте» тарауында Құнанбайдың сүйікті немересі Тәкежан мен Қаражаннан туған Мақұлбай 12 жасында қайтыс болып, Абай жоқтау өлең жазады. Мұны Әйгерім жаттап алып, қаралы үйге дауыс салып осы жоқтауды айтып келгенде үй ішіндегілердің жыламағаны қалмайды. Романда өлеңнің ортаңғы екі шумағы:

Қызыл балақ қыранның

Балапанын дерт алды.

Жеміс ағаш бәйтерек,

Балдырғанын өрт алды.

Артына белгі тастамай,

Жал-құйрығын келте алды... [7, 110-б.], –

деген ең зарлы, азалы тұсын келтірген. Қажылықтан келіп, ауылындағы артық іс-әрекеттерге тыйым салып, өзі де бұл дүниеден оқшауланып, оңашалықта өмір сүріп жатқан Құнанбай «Мақұлбайдың қырқы өткенше жоқтауды Әйгерім айтсын» деуі, жоқтау өлеңнің мазмұны мен мұңлы күйді үйлестіре жеткізгендігінен болса керек. Әйгерімнің әнді өз жанынан шығарғандай мұңдана, жанымен жеткізуі романның көркемдік сипатын арттыра түскен.

Абай шығармаларының ішінде қимас бауыры Оспан қайтыс болғанда да қатты қайғырып, айналасындағы әділетсіз жуандардың қастығынан опат болған жанды жоқтап, бірнеше өлең шығарады. Әсіресе, Оспан қазасына арналған «Жайнаған туың жығылмай...», «Кешегі Оспан...», «Кешегі Оспан ағасы...» атты жоқтау өлеңдер Оспанның портреттік тұлғасын ғана емес, елге атқарған істері, мінезі мен болмысын танытады.

Жайнаған туың жығылмай,

Жасқанып жаудан тығылмай,

Жасаулы жаудан бұрылмай,

Жаужүрек жомарт құбылмай...

Жақсы өліпсің, япырмай! [6, 191-б.]

Өлеңді аллитерациялық тәсілмен шебер өріп, ғұмырында қиянаттан ада Оспан туралы сипаттайды. Ендігі бір жоқтауында:

Кешегі Оспан ағасы,

Кісінің малын жемепті...

Кем-кетікті елепті.

Оны да алды бұл өлім,

Сабырлық қылсақ керек-ті [6, 211-б.], –

деп Оспанның досына адал, жауға ақысын жібермейтін, қуаты артық, ойы кең екенін еске алып, «Оны да алды бұл өлім» деген өкінішін жеткізеді. Соңында тағы да өзін сабырға шақырады. Ал келесі «Кешегі Оспан» атты жоқтауы «Абай жолы» романында берілген. Аз күндік дерттен қайтыс болған Оспанның үйі – базар, түзі – той болғаны, мінезіндегі мейірім мен кеңдік қасиетінен болса керек. Ақын үшін Оспан туған бауыр ғана емес, сенімді дос, серігі еді. Содан болар өлеңінің соңында «Оспан өлді, Енді кім бар бақ қонар?» деп аһ ұрады.

Жауға мылтық,

Досқа ынтық

Жан асар ма осыдан?
Қорықпай өтті,
Жанға жетті
Арман етті досынан.
Ел тамағын
Жұрт азабын
Жеке тартқан кетті гүл!
Сондай ерді,
Ала берді,
Табар енді біздің ел!
Өлді Оспан
Кетті шопан
Енді кім бар бақ қонар?
Ұрла, қарла,
Жұртты шарла,
Ойла, барла, не болар? [11, 309-б.] –

деп, жанында сырлас досындай болған ініден айырылып, өзінің де, елдің де қамын ойлап, жанында жайын түсінер жанның қалмағанын айтып қамығады. Ендігі туыс-бауырдың арасында мықты кім? Жауыздық пен пасықтық бар, адалдық пен адамдықтан ада Тәкежандардың қолынан ұрлық пен қаскөйліктен басқа не келер, деп іштен тынады.

Абай өлеңдерінің астарында әлеуметтік мәселелердің, өз дәуірінің үні сөз болмай тұрмады. Әр өлеңінің туу тарихына үңіліп, сол заманның суретін көруге болады. М. Әуезов «Абай жолы» романының «Кек жолында» тарауында бай мен кедейдің күйін сипаттап, келістіре суреттейтін сюжет бар.

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай –
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай... [11, 67-б.]

Шығармада Тәкежанның мыңғырған жылқысы бола тұра әйелі Қаражанның кедей үйіне жағуға бір қап қиды қия алмаған сараңдығын, жалшы үйіне жаны ашымас бай мен бай үйіне жалтақтаған жалшы ұлының күйін айнытпай бейнелеген. Өлеңнің «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген атауына қарап, Абайдың бұл өлеңін табиғат лирикасына арналған деп қателесетіндер де кездеседі.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,

Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің ық жағын орын қылып.
Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр... [11, 68-б.]

Осындағы «О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр» дейтін тармақ, сол заманның жуан қарын, арамза байлары мен болыстарының характерін сынап, оғаш мінездерін, өркөкірек, қатыгез қылықтарын мейлінше өткір тілмен әжуа етеді. Өтірік, өсек десе бәйге атындай шапқылағанымен, қолынан түк келмейтін қуыс кеуде екеніне қатты ренішін білдіреді.

Жоғарыдағы өлеңге ұқсас Абай өлеңдерінің бір тобы өз тұсындағы болыстардың әр қилы мінез-құлқы мен іс-әрекетін әшкерелеуге арналады. Замана сипаты мен болыстықта ұмтылған бай-манаптың атақ үшін бар малын пидә етуге бар көрінісі өткір сарказммен бейнеленеді. Әсіресе, Балқыбек сыязына (сьезд – Р.Е.) барғанда Абайдың көргені «ұлық алдында кімнің беделі биік болар екен» деген, бәстес өңкей жуандарға арнап:

«...Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп...» [7, 270-б.], –

десе, енді бірде ұлықтарға жағынудың есебін таппай жүрген көп болыстың образын ашады:

Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп...
Оңашада оязға
Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ, – деп, – белімді» [7, 270-б].

Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді» [12, 242-б.].

Абай ақындығының ішкі мазмұнын ұғыну үшін қазақ даласында билік жасайтын старшын, болыс, би, ояз, жандарал – барлығы өз іс-әрекеттерімен көп жайларды ашып, шешіп отыруға себепші болады. Осы аталғандардың типтік бейнесін сипаттайтын «Болыс болдым, мінеки» өлеңімен үндес «Мәз болады болысың», «Сабырсыз, арсыз», «Көжекбайға» («Бөтен елде бар болса»), сынды өлеңдері елдің сорына біткен қу мен сұмның мінезін әшкерелеуге арналған.

Түрлі оқиғалар әр туындының дүниеге келуіне себеп болады. Абай өлеңдерінің тарихы өмірлік шындық тұрғысынан да көркемдік шешім жасағанда да арасы тым алыстамайды. Ол туралы З. Қабдолов «Абай жолы» романының жазылуына байланысты, «Жазушы М. Әуезов романдағы оқиғаларды баяндау үшін сөніп бара жатқан отты үрлеп тұтатқандай еңбек етті» [3, 88-б.] дейтін пікірін еске алсақ, жазушы әр өлеңнің тууына себеп болған жағдай мен оқиғаны ұзақ іздегені анық. Ақын өлеңдерінің қатарында жастарға арналған, балаларды білімге ұмтылдырып, заманынан кеш қалмауды, өнер мен ғылым үйренуге, еңбек етіп нан табуға шақырған ғибратты дүниелерді жиі кездестіреміз. «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім» [7, 300-б.], – деген өкінішін роман оқиғасынан да кездестіруге болады. Бұл оқиға Абайдың жанына Баймағамбетті алып қалада жүргенде әр аптаның сенбі күндері жанына балалары Әбішті, Мағаш пен Күлбаданды алдырып, олардан басқа өзі араласып оқуға берген жатақтағы жетім бала Данияр мен интернатта оқитын бірнеше баланың басын жинап, оларға әңгіме-ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып, асық ойнатып, олардың арасынан да ғылымға үйір жан шықса екен деген ойын күндіз жазып қойған өлеңге сыйдырып, оқып береді. Балаларға «Адамның бір қызығы бала деген, Баламды оқытуды жек көрмедім, Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім...» [7, 300-б.] – дейтін жолдарын қайта-қайта оқып беріп, «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», «Ғылымнан махұрым қалдық» деп өкінбеуді тілек етіп айтады. Сөзінің соңында «Көкпай деген ақын айтыпты» [7, 300-б.] – дегенді қосып қояды. Жазушының романға бұл пікірді қосқанына қарағанда Абай өлеңдерінің басылым бетінде Көкпай атынан жарияланып тұрғанын меңзесе керек.

Абай өз тұсында билікке араласпай тұра алмады. Соның бірі – Найманның екі руы – Сыбан мен Мұрын арасында туған дау еді [1, 63-б.]. Мұрын қызы күйеуін өзіне тең көрмей, сүйгеніне кетеді. Сыбан

болса қызды қайтарып алмақ. Мұның соңы Абайдың қызға азаттық әперуімен аяқталады. Тағы бір деректе Жуантаяқ Бәзіл дегеннің Қадиша есімді қызы атастырған жеріне риза болмай, Бошай жігіті Олжабайды ұнатып көңіл қосады. Мұны сезген Есболат (Қадишаны атастырған жігіті – Р.Е.), өзін менсінбеген қызды аңдып жүріп Олжабаймен бірге ұстап алып, байлап тастайды. Ұяттан өртеніп, жаны қысылған Қадиша Абайға өлеңмен мұңды арызын жеткізеді. Мұны естіген ақын қатты толғанып, қыздың өжеттігі мен шынайылығы үшін ара түсіп, басын азат етеді.

Осы оқиғаны жазушы М. Әуезов те өзінің ғұмырлық туындысына арқау етеді. Осы оқиға «Абай жолы» романында «Салиқа қыз дауы» дейтін үлкен оқиғаға өзек болады. Мұнда өмірлік шындық көркемдік шешімге айналғанда Салиқа қыздың қалыңы төленіп, итаяғына дейін алтыннан, екі жақ бір-біріне алыс-беріс жасап қойған екен. Бірақ Салиқаның атастырған жігіті өліп, оны алмақшы болып отырған әмеңгері алпыстан асқан шал болады. Салиқа шалға тимеймін деп, оқиға үлкен дауға ұласады. Екі жақ бір-біріне өштесіп, барымта көбейіп, ел арасына жік түседі. Бұл дау тереңдеп кеткендіктен істің шешімі де оңай болмайды. Абай осы іске өзі араласып, ақ-қарасын шешуге Оразбай мен Жиреншені араластырып, оқиғаны барынша әділ шешуді тапсырады. Өзі де жан-жақты ізденіп, істің соңынан дейін бақылап, соңында қызбен ауызба-ауыз тілдеседі. Сонда қыздың «Бақанастың суына күнде қараймын... мекенім, көрім, сендердің түбіңнен табылар ма екен, деп!...» сөзін естігенде ақын өз ойымен қатып қалады. Ақынның көз алдына сымбатты жанның тұңғиық, терең суға батып бара жатқаны елестейді. Ақын жүрегін тілгілеген ойлар «...Етімді шал сипаған құрт жесін деп, жартастан қыз құлапты терең суға...» [7, 289-б.], – деп жыр боп төгіледі. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» дейтін өлеңінің тарихы осылай туады.

Өз заманының ғана емес өмірлік мұраға айналған Абай туындыларының тарихында ашылмаған талай сырдың жатқаны анық. Әр өлеңнің өз тарихы, өз сыры бар. Бұл мақалада Абайтанушы ғалымдар мен зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, әлемге әйгілі М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы оқиғалар мен өлең тарихын байланыстырып, ақын шығармашылығына біраз үңілгендей болдық. Ақын туындыларына терең бойлаған сайын түпсіз ой мен астары қалың сырға кезігесіз. Әдеби ой мен танымы терең философияға толы Абай поэзиясы – қалың қазақтың тарихы, үні, нақ өзі. Абай танымы – өшпейтін мәңгілік мұра! Абай өлеңдерінің мәнін

ашатын тың ойлар бір мақаламен өлшенбейді. Сондықтан алдағы уақытта Абай шығармаларына қатысты ғылыми еңбектер айтыла, жазыла берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
2. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-кітап. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 318 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 1992. – 360 б.
4. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. Роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1997. – 752 б.
5. Жұртбай Т. “Бесігінді аяла!...”: монография-эссе / Т. Жұртбай. – Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
7. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 2-кітап. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 350 б.
8. Өуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
9. Өуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / М. Өуезов. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
10. Шамахайұлы Қ. Абайтану дерістері: оқулық / Қ. Шамахайұлы. Т. 1. – Алматы: ТехноЭрудит., 2019. – 258 б.
11. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-кітап. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – 318 б.
12. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі / З. Ахметов. – Алма-Ата: Ана тілі, 1995. – 272 б.

REFERENCES

1. Áýezov M. *Abai Qunanbaev. Monografiýalyq zertteýler men maqalalar* (Qurastyryp, baspaǵa ázirlegen N. Aqbaev). – Almaty: Sanat, 1995. – 320 b.
2. Áýezov M. *Abai joly. Roman-epopeia*. 1- kitap. – Almaty: Jeti jargý, 1997. – 318 b.
3. Qabdolov Z. *Sóz óneri*. – Almaty: «Sanat», 1992. – 360 b.
4. Toqtarov R. *Abaidyń jumbaǵy*. Roman-hamsa. – Almaty: Ál-Farabı, 1997. – 752 b.
5. Jurtbai T. “*Besigindi aiala!...*”: monografiya-esse / T. Jurtbai. – Astana: Foliant, 2003. – 504 b.
6. Abai (Ibrahim) Qunanbaev. *Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jinaǵy*. – T.1. – Almaty: Gylym, 1977. – 454 b.
7. Áýezov M. *Abai joly*. Roman-epopeia. 2-kitap. – Almaty: Jeti jargý, 1997. – 350 b.
8. Áýezov M. *Ádebiet tarıhy*. – Almaty: Ana tili, 1991. – 240 b.
9. Áýezov, M. *Abaitanyńdan jarıalanbaǵan materialdar* / M. Áýezov. – Almaty: Gylym, 1988. – 368 b.
10. Shamahaulıy Q. *Abaitanyń dáristeri: oqýlyq* / Q. Shamahaulıy. T.1. – Almaty: TehnoErýdit., 2019. – 258 b.
11. Áýezov M. *Abai joly*. Roman-epopeia. 3-kitap. – Almaty: «Jeti jargý», 1997. – 318 b.
12. Ahmetov Z. *Abaidyń aqyndyq álemi* / Z. Ahmetov. – Alma-Ata: Ana tili, 1995. – 272 b.

Özet

Abay'ın şiirinin dilsel, tarihi, sanatsal üslubu; edebi, felsefi önemi sadece ulusal edebiyatımız için değil, Türk halkı için de bir meseledir. Abay şiirinin teması hâlâ değerini kaybetmemiştir ve fikirleri hâlâ kıymetlidir. Abay ile ilgili edebiyat araştırmaları, Abay'ın eserlerinin önemi, konusu-ideolojik özellikleri ve kompozisyonu hakkında çok yazıldı ama şiirlerinin derin anlamları üzerinde eleştiri çalışmaları yapılmadı. M. Auezov'un *Abay Yolu* adlı romanındaki olaylara dayanarak, şiirinin ortaya çıktığı tarihi biliyoruz. Ancak, romantizm unsurları sanat eserlerinde iç içe geçtiği için, tamamen tarihsel bilgiler değildir. Yazar, tarihe dayalı bir roman yazmak amacıyla çeşitli değişiklikler yapmakta serbesttir. Bunu akılda tutarak, bazı Abay şiirlerinin ortaya çıkış tarihi üzerine araştırma ve karşılaştırmalar yapmayı deneyeceğiz.

Anahtar Kelimeler: Abay'ın şiiri, biliş ve bütünlük, karşılaştırmalı çalışma, tarihsel gerçek.

(Yesbalayeva R. J. Abay Şiiri: Tarihsel Gerçekçilik ve Sanatsal Biliş)

Аннотация

Языковое, историческое, художественное, стилевое, литературное, философское значение поэзии Абая является вопросам не только нашей национальной литературы, но и тюркского народа. Проблематика лирики Абая до сих пор не потеряла своего значения, её идеи актуальны по сей день. Хотя в литературе и исследованиях посвященных Абаю часто пишут о значении его творчества, предметно-идеологических особенностях и композиции его произведений, его стихи не были исследованы до конца. Исходя из событий в романе М. Ауэзова «Путь Абая», можно предположить историю рождения поэмы. Однако, поскольку элементы романтизма переплетаются в произведении, оно не является полностью историческим. Автор обязан внести своеобразные изменения в поэму, так как работа является литературной, а не исторической. Имея это в виду, было предложено и представлено исследование истории рождения нескольких поэм Абая.

Ключевые слова: поэзия Абая, познание и полнота, сравнительное изучение, историческая правда, художественное решение.

(Есбалаева Р.Ж. Поэзия Абай: историческая истина и художественное познание)